

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 23 шілдедегі № 126 шешімінің күшіне енуі туралы

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2020 жылғы 17 шілдедегі № 6 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 16-бабының 7-тармағына және Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (көрсетілген Шартқа № 1 қосымша) 30-тармағына сәйкес Беларусь Республикасының Премьер-министрі С.Н.Румастың Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 23 шілдедегі "Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібіне өзгерістер енгізу туралы" № 126 шешіміне өзгерістер енгізу туралы өтінісін қарап, Еуразиялық үкіметаралық кеңес **шешті**:

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 23 шілдедегі "Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібіне өзгерістер енгізу туралы" № 126 шешімі 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді деп белгіленсін.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

<i>Армения Республикасынан</i>	<i>Беларусь Республикасынан</i>	<i>Қазақстан Республикасынан</i>	<i>Қырғыз Республикасынан</i>	<i>Ресей Федерациясынан</i>
------------------------------------	-------------------------------------	--------------------------------------	-----------------------------------	---------------------------------